

# «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2025» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БЕРІЛЕТІН 5 МЛН ГРАНТЫ

«Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында берілетін 5 млн гранты

Ел арасында «5 млн гранты» деген атпен танымал бұл гранттың мақсаты:

- 1) Инновациялық бизнес идеяларды қолдау
- 2) Жаңа жұмыс орындарын құру

5 000 000 теңгеге дейін қаржы беріледі.

Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржының 20% өзіңіз қосу керексіз.

## Кімдер қатыса алады:

ЖК, ЖШС яғни тек заңды тұлға ретінде қатыса аласыз; (ЖШС (ТОО)-мен қатысу үшін әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысу керек немесе «Бір ауыл – бір өнім» жобасының қатысушысы болу керек)

## Қажетті құжаттар:

- Жеке куәлік көшірмесі;
- ЖК тіркелгені туралы анықтама;
- Салыққа қарызы жоқ туралы анықтама;
- Қанша адамды, қандай позицияларда жұмыспен қамтитындығы туралы қолмен жазылған анықтама;
- Бастау бизнес сертификаты.

## Кімдер қатыса алмайды:

- Салық және басқа да мерзімі өткен берешегі барлар;
- Жұмысы тоқтатылған, банкрот жағдайында немесе қайта құру кезеңінде тұрған заңды тұлғалар;
- Экономиканың басым секторы салаларына жатпайтын жобалар
- Еңбек шартында кәсіппен айналысуға тиым салынғандар
- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмау керек (список недобросовестных поставщиков)

Жылына әр өңір бюджеттің бөлінуіне қарай кемінде бір рет өткізеді.

Уақытысы әр өңірде әртүрлі.

Өтінімдер [kezekte.kz](http://kezekte.kz) порталы арқылы онлайн қабылданады

Бастауыш кәсіпкерлер бизнес ашуға және оны дамытуға 5 млн теңгеге дейін грант ұта алады. Бөлінген қаражатты мемлекетке қайтарудың қажеті жоқ, алайда ол ақшаны кредит өтеуге немесе үй сатып алуға жібермей, тек бизнесіңіздің шығындарына ғана жұмсау қажет.

## Жобаның мәні

Бұл гранттар 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде беріледі. Мемлекет осылайша кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, бизнес ашуға және оны дамытуға қаражат бөлмек.

Қаражат бір қатысушыға бір-ақ рет бөлінеді, ал гранттың ең үлкен мөлшері 5 млн теңгеден аспауға тиіс. Жобаға тегін қатысуға болады.

Грант алуға үміт білдірушілердің өтініштері өтініш қабылдау кестесі бойынша жыл бойы қабылданады. Өз аймағыңыздағы өтініш қабылдау мерзімін білгіңіз келсе, [kezekte.kz](http://kezekte.kz) порталындағы жаңалықтарды қарап отыруыңыз керек. Өтініш беру мерзімдері туралы хабарландыру алдын-ала 5-7 күн бұрын жарияланады.

## Қатысушыларға қойылатын талаптар

- Өтінішті тек мына екі шартты бірдей орындай алатын жеке кәсіпкерліктер мен «Әлеуметтік кәсіпкерлікке» жататын ЖШС-лар бере алады:
  - бизнестің тіркелу мерзімі 3 жылдан аспауға тиіс (қызметін уақытша тоқтатқандар ілікпейді);
  - компанияның ЭҚЖЖ экономиканың басым секторларының тізбесіне кіруге тиіс.